



ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ

№91
(2156)
Сәрсенбі
18 қазан
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

СЕНБІЛІКТЕ 200 ТҮП АҒАШ КӨШЕТТЕРІ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Қазалылықтар жаппай сенбілікке шығып, аудан аумағын қоқыстан тазартты.

Сенбілікте Әйтеке би кентінің шет аймақтары, Қ.Пірімов, С.Сүлейменов, Әйтеке би көшелері, «Қазақ-орыс» қорымдары мен «Водоканал» елді мекеніне баратын жолдың бойы қоқыстардан тазартылып, шөп шабу жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, аяқсу жүретін арықтар тазаланып, орталық көшелердің бойындағы ағаштарды балақтау жұмыстары атқарылды.

Жергілікті жердің тазалық жұмыстарына мекеме қызметкерлері қатысып, әрбір ұжым бөлінген аумақтарда тазалық



жұмыстарын қарқынды жүргізді.

Аудан тұрғындары қағаз қалдықтарын тазалап, қызу жұмыстар атқарды.

Сенбілікте Әйтеке би кентіндегі Жалаңтөс баһадүр атындағы саябаққа 200 түп үйеңкі ағашы көшеттері отырғызылды. Ағаш отырғызуға аудан әкімі Мұхтар Оразбаев, аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, аудандық мәслихаттың депутаттары, дербес бөлімдер мен мекеме басшылары және ардагерлер қатысты.

Мұнан соң аудан басшысы сенбілік жұмыстарын аралап көріп, туған жердің тазалығы үшін еңбек етіп жатқандарға сәттілік тіледі.

МӘЖІЛІСТЕ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ



Аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың төрағалығымен әкімдік және аппарат мәжілісі өтті. Мәжілісте бірқатар маңызды мәселелер талқыланып, олардың орындалуы сөз болды.

Әкімдік мәжілісінде күзгі егін жинау жұмыстарының барысы жайлы аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Еркін Сейтов баяндама жасады.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев егінді ысырапсыз, төкпей-шашпай жинап алып, қамбаны астыққа толтырып алу қажеттігін айтты. Сондай-ақ, аймақтағы егін шаруашылығы саласының маңызды мәселесі – су тапшылығына тоқталып өтті.

Басқосу аппарат мәжілісіне ұласты.

Мәжілісте «Алтын дән – 2023» мерекесіне дайындық жұмыстары туралы аудан әкімінің орынбасары Күнтілес Назымбеков баяндама жасады.

Баяндамашыдан кейін аудан әкімі Мұхтар Әуесұлы аталмыш шараның дала еңбеккерлерінің ала жаздайғы еңбегі

мен төккен терінің нәтижесін көрсететін ауқымды іс екенін айтып, абыроймен өткізу керектігін жеткізді. Сонымен қатар, сала басшылары мен ауылдық округ әкімдеріне іс-шараны жоғары деңгейде өткізу жөнінде бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Мәжілісте 2024 жылдың I жарты жылдығына баспасөзге жазылу жұмыстары туралы аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Қайрат Әбубәкірұлы хабарлама жасады.

Аудан басшысы ауданда атқарылып жатқан жұмыстарды ел арасында насихаттайтын баспасөз құралы екенін айтып, барлық сала басшыларына баспасөзге жазылу жұмыстарын жүйелі ұйымдастыруды тапсырды.

Жиын соңында аудан басшысы Мұхтар Оразбаев Әйтеке би кентінің көшелері мен шет аймақтарының тазалық мәселесіне тоқталды. Аудан тазалығы – ортақ абырой екенін айтып, бұл жұмыстарды атқаруда үлкен ауызбіршілік пен жауапкершілік таныту қажеттігін айтты.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ҰСЫНЫС-ПІКІРЛЕРІ ТЫҢДАЛДЫ

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев бекітілген кестеге сәйкес жеке қабылдау өткізіп, халықтың ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Қ а б ы л д а у д а тұрғындар тарапынан тұрақты жұмысқа орналастыру, тұрғын үй кезегі, бір реттік жәрдемақы алу мәселелері қозғалды.

Т ұ р ғ ы н д а р д ы ң өтініштерін мұқият

тыңдаған аудан басшысы олардың тарапынан айтылған мәселелердің заңдылығына сәйкес, оңтайлы шешімін табуы үшін тиісті жұмыстар жүргізілетіндігін жеткізді. Тұрғындар мәселесіне қатысты жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

●Баспасөз - 2024

2024 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2024 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін назарларыңызға саламыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы

ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Жыл сайын тұтынушылардың өтініштерінің саны өсуі байқалуда. 2020 жылы уәкілетті органға 21 мың өтініш түссе, 2022 жылы тұтынушылардан келіп түскен шағымдарының саны 30,2 мың өтінішке дейін өсті.

Осыған байланысты, азаматтардан келіп түскен өтініштерді талдау мен мониторинг нәтижелерін, тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың қоғамдық институттарының пікірлері мен ұсыныстарын және әлеуметтік зерттеу көрсеткіштерін назарға ала отырып, Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі ең алдымен жосықсыз бизнеспен жұмыс істеудің алдын алуға бағытталған заң жобаларын әзірледі.

Халықаралық тәжірибе мен барлық мүдделі тұлғалардың, атап айтқанда, тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері мен бизнес қауымдастықтардың ұсыныстары ескерілді.

Қолданыстағы Заң салалық заңдармен реттел-

ген қаржылық, әлеуметтік, медициналық, туристік және өзге де қызметтер салаларындағы тұтынушылардың құқықтарын қорғауда қолданылмайды. Кейіннен тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылып әлеуметтік тәуекелдер туындайды. Бұл ретте барлық салаларында тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында тұтынушылардың құқықтарын қорғау қағидаларын тұрғын үй-коммуналдық тұтыну, байланыс, туризм, мәдениет, сауда, көлік және тұтыну үшін көрсетілетін қызметтердің өзге де салаларында қолдану ұсынылады. Өз кезегінде, тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың салааралық үйлестіруді күшейтуі ұсынылады.

Сонымен қатар, құқықтары бұзылған және сотқа дейінгі кезеңде шешілмеген тұтынушының пайдасына сот айыппұл түрінде салатын кәсіпкердің азаматтық-

құқықтық жауапкершілігін енгізу ұсынылады. Айыппұл мөлшері тұтынушының талап қою сомасының 10%-дан 50%-на дейін құрайды.

Шағым сомасы неғұрлым аз болса, айыппұл мөлшері жоғарыда көрсетілгендей болады. Оң жақтары:

1) кәсіпкерлерді сотқа дейінгі кезеңде бұзушылықтарды өз еркімен жоюға ынталандыру (қағида: мұнда және қазір);

2) клиенттің қажеттіліктеріне бағдарлану;

3) қоғамдық мониторингті дамытуға және өркениеттік нарықтық экономиканы құруға ынталандыру.

Осыған ұқсас оң тәжірибе Еуразиялық экономикалық одақ елдерінде қолданылады.

Келесі онлайн саудаға қатысты тұтынушылардың электрондық сауда сегментіне шағымдарының саны артуда. Осыны ескере отырып, заң жобасымен шарттарда тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын

және оларға қысым жасайтын талаптарға жол бермеуді бекіту, сондай-ақ құқықтық олқылықтарды жою, атап айтқанда, тауарларды сату мақсатында пайдаланылатын интернет-ресурстарды «сауда объектілеріне» теңестіру ұсынылады. Бұл өз кезегінде бизнес субъектілерін ӘҚБтК 193-бабының 1-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартуға мүмкіндік береді.

Қортындылай келе, тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың заңнамалық негізін жетілдірудің мақсаты қоғамның барлық деңгейлеріне енетінін және азаматтардың әлауқаты мен елдің әлеуметтік экономикалық тұрақтылығын көрсететінін өмір сүру сапасын арттыру болып табылатынын атап өтеміз.

Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті

ИЗМЕНЕНИЯ В ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО О ЗАЩИТЕ ПРАВ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ

С каждым годом наблюдается рост количества обращений потребителей. Если в 2020 году в уполномоченный орган поступило 21 тыс. обращений, то в 2022 году количество поступивших жалоб потребителей увеличилось до 30,2 тыс.

В этой связи, принимая во внимание результаты анализа и мониторинга поступивших обращений граждан, мнения и предложения общественных институтов защиты прав потребителей и показатели социологических исследований, Министерством торговли и интеграции Республики Казахстан разработаны законопроекты, направленные, прежде всего, на предупреждение работы с недобросовестным бизнесом.

Был учтен международный опыт и предложения всех заинтересованных лиц, в частности, общественных объединений потре-

бителей и бизнес-ассоциаций.

Действующий закон не распространяется на защиту прав потребителей в сфере финансовых, социальных, медицинских, туристских и иных услуг, регулируемых отраслевым законодательством. Впоследствии возникают социальные риски с нарушением прав и законных интересов потребителей. При этом в целях защиты прав потребителей во всех сферах жизни человека предлагается применять правила защиты прав потребителей в жилищно-коммунальном хозяйстве, связи, туризме, культуре, торговле, транспорте и иных сферах услуг, оказываемых для потребителей. В свою очередь, предлагается усилить межотраслевую координацию государственных органов по вопросам защиты прав потребителей.

Кроме того, предлагается ввести гражданско-правовую ответ-

ственность предпринимателя, права которого нарушены и на досудебном этапе не разрешены судом в пользу потребителя в виде штрафа. Размер штрафа составляет от 10% до 50% от суммы иска потребителя.

Чем меньше сумма претензии, тем больше размер штрафа, как указано выше. Плюсы:

1) стимулирование предпринимателей к добровольному устранению нарушений в досудебный период (принцип: здесь и сейчас);

2) ориентация на потребности клиента;

3) стимулирование развития общественного мониторинга и построения цивилизационной рыночной экономики.

Подобный положительный опыт применяется в странах Евразийского экономического союза, где мы строим согласованную политику.

Растет количество жалоб потребителей на сегмент электронной торговли. С учетом этого законопроектом предлагается закрепить в договорах недопустимость требований, нарушающих и ущемляющих права и законные интересы потребителей, а также устранить правовые пробелы, в частности приравнять интернет-ресурсы, используемые в целях продажи товаров, к «торговым объектам». Это, в свою очередь, позволит привлечь субъектов бизнеса к административной ответственности по ч. 1 ст. 193 КоАП.

В заключение отмечаем, что целью совершенствования законодательной основы защиты прав потребителей является повышение качества жизни, которая пронизывает все его уровни и отражает благополучие граждан и социально-экономическую стабильность страны.

АЛДАУ, КЕМ ӨЛШЕУ, ТАРАЗЫДАН, ЕСЕПТЕН ЖЕУ, АҚАУЛЫ НЕМЕСЕ ЖАЛҒАНДЫҚ ТАУАРЛАР: ЖАҢА ЗАҢ САТУШЫНЫ СОТҚА БЕРУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

Бүгінгі таңда Мәжілісте тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы жаңа заң жобасы қаралуда. Аталған заң жобасында көптеген жаңалықтар бар. Бірақ айта кететін ең бастысы - тұтынушы құқығы бұзылған кезде, мысалы, ақаулы көлік сатып алғанда немесе электр желісіндегі кернеудің жоғарылауы нәтижесінде тұрмыстық техникасы бұзылса бірден сотқа шағым түсіре алады. Бұл өте маңызды, өйткені ол сатушыларды тәртіпке келтіреді.

Естеріңізге сала кетейік, қазір тұтынушы бірден сотқа жүгіне алмайды. Қолданыстағы

заңнамаға сәйкес тұтынушы алдымен дауды сотқа дейін шешуге тырысады. Бүгінгі таңда Қазақстанда тұтынушылардың шағымдарын қараудың төрт сатылы алгоритмі жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі әзірлеген тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы жаңа заң жобасы аталған төрт сатылы алгоритмді өзгертеді. Аталған заң жобасының 49-бабының 1-тармағы тұтынушыға өзінің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды таңдау құқығын

береді. Атап айтқанда, ол өз қалауы бойынша:

- сатушыға (дайындаушыға, орындаушыға),

- тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктеріне, қауымдастықтарға (одақтарға),

- омбудсменге,

- уәкілетті органға, мемлекеттік органдарға,

- тұтынушылық дауды соттан тыс реттеу субъектісіне (сатушының (дайындаушының, орындаушының) келісімі болған кезде),

- сотқа жүгінуге құқылы.

Бұл ретте Заң жобасымен тұтынушы уәкілетті органға сатушыға тиісті та-

лап қойылғаннан кейін бір ай мерзімде (кешіктірмей) жүгіне алады (заң жобасының 51-бабының 1-тармағы).

Айта кету керек, Заң жобасын талқылау барысында Мәжілістің жұмыс тобында басқа да мәліметтер табылатыны сөзсіз. Бірақ шешуші сәт, тағы да қайталап өтейік – ол тұтынушының сотқа тікелей жүгіну мүмкіндігі. Алайда, бұл тұтынушының құқығы екенін, бірақ міндеті емес екенін ескеру қажет. Ол алдымен сотқа дейінгі реттеу құқығын қолдана алады, содан кейін ғана, егер ол көмектеспесе, сотқа талап қоя алады.



АЛДАУ, КЕМ ӨЛШЕУ, ТАРАЗЫДАН, ЕСЕПТЕН ЖЕУ, АҚАУЛЫ НЕМЕСЕ ЖАЛҒАНДЫҚ ТАУАРЛАР: ЖАҢА ЗАҢ САТУШЫНЫ СОТҚА БЕРУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

Следует отметить, что наверняка в ходе обсуждения законопроекта в рабочей группе Мажилиса обнаружатся и другие детали. Но решающий момент, повторимся – это возможность потребителя напрямую обратиться в суд. Однако следует учиты-

вать, что это право потребителя, но не обязанность. Он может сначала воспользоваться правом досудебного урегулирования, а только потом, если не поможет, подать иск в суд.

Осылай мемлекет тұтынушыны бірден сотқа жүгінуге емес, екі

сатылы алгоритмге жүгінуге ынталандырады. Осы ретте Заң жобасының 54-бабында заң шығарушы бұл жағдайда сатушылардың қосымша жауапкершілігін белгілейді. Атап айтсақ, айыппұл мөлшері өндіріп алынған сомаға байланысты және

талап қою сомасының жартысынан 20 АЕК-ке дейін және де 90 АЕК-тен жоғары талап қою үшін 10 пайызға дейін құрайды.

Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті

ОБМАН, ОБВЕС, ОБСЧЕТ, ПОДДЕЛКА ИЛИ БРАК: КОГДА НОВЫЙ ЗАКОН ПОЗВОЛИТ ПОДАТЬ НА ПРОДАВЦА В СУД

В настоящее время в Мажилисе рассматривается проект нового закона "О защите прав потребителей". В названном проекте закона много новшеств. Но главное, изменение – потребитель при нарушении его права, например, при покупке бракованного автомобиля или порчи бытовой техники в результате скачка напряжения в электросети сможет сразу подавать иск в суд. Это очень важно, поскольку дисциплинирует продавцов.

Напомним, что сейчас потребитель не может сразу обратиться в суд. В соответствии с действующим законодательством потребитель сначала пытается урегулировать спор до суда. На сегодняшний день в Казахстане

действует четырехступенчатый алгоритм рассмотрения жалоб потребителей

Новый законопроект о защите прав потребителей, разработанный Министерством торговли и интеграции Республики Казахстан, изменит данный четырехэтапный алгоритм. Пункт 1 статьи 49 указанного законопроекта дает потребителю право выбора мер по защите своих нарушенных прав и законных интересов. В частности, он по своему усмотрению :

- продавцу (изготовителю, исполнителю),
- общественным объединениям потребителей, ассоциациям (союзам),
- омбудсмену,

- уполномоченному органу, государственным органам,

- субъекту внесудебного урегулирования потребительского спора (при наличии согласия продавца (изготовителя, исполнителя)),

- вправе обратиться в суд.

При этом законопроектом потребитель может обратиться в уполномоченный орган в месячный срок (не позднее) после предъявления продавцу соответствующего требования (пункт 1 статьи 51 законопроекта).

Следует отметить, что наверняка в ходе обсуждения законопроекта в рабочей группе Мажилиса обнаружатся и другие детали. Но решающий момент, повторимся – это возможность

потребителя напрямую обратиться в суд. Однако следует учитывать, что это право потребителя, но не обязанность. Он может сначала воспользоваться правом досудебного урегулирования, а только потом, если не поможет, подать иск в суд.

Таким образом, государство мотивирует потребителя не сразу обращаться в суд, а прибегать к двухэтапному алгоритму. При этом в статье 54 законопроекта законодатель устанавливает дополнительную ответственность продавцов в данном случае. В частности, размер штрафа зависит от взысканной суммы и составляет от половины суммы иска до 20 МРП и до 10 процентов для иска свыше 90 МРП.

ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ИГІЛІГІ ҮШІН

Еліміздің басты заңында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде айқындап, оның басты қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатындығы айтылған. Осыған байланысты нарықтық қатынастарда тұтынушыны барынша қорғау мақсатында тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамаға үнемі жүйелі түрде өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отырылады. Бұл ретте уәкілетті орган заң жобасын әзірлеп, ол елдің ақпараттық алаңында белсенді талқыланып, мәжілісте қаралуда. Заң жобаларында ұсынылған түзетулер бизнестің жауапкершілігін арттыруға және халықтың – әрқайсымыздың, барлық 19 млн. қазақстандықтың тұтыну құқығын қорғауға бағытталған.

Тұтынушылардың үлес салмағы бойынша шағымдарының ең көп саны келесі салаларда байқалады:

- бөлшек сауда (48% (14,3 мың өтініш);
- тұрмыстық қызметтер (19% (4,7 мың өтініш);
- электрондық сауда (9% (2,6 мың өтініш);

Алайда, бұл фактілер тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы істердің нақты жай-күйін көрсетпейді, себебі кейбір тұтынушылар бұзылған құқықтарды қорғау үшін мемлекеттік органдар мен тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктеріне жүгінбейді.

Ұсынылған заң жобасына сәйкес омбудсмен институтын енгізу ұсынылады. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі омбудсмен институты тағайындалған адамға ерекше жария мәртебесін береді, ол мемлекеттік биліктің жоғарғы эшелондарында тұтынушылар қауымдастығының көзі және дауысы ретінде қызмет ете алады, қоғамның үйлестірушісі қызметін атқарады, жауапкершілік артады.

2022 жылы жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижелері бойынша: 10 мың респонденттің ішінде 56%-ы тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша омбудсмен институтын енгізу қажет деп есептейді.

Оның негізгі функциялары тұтынушылардың шағымдарын қарау, кеңес беру, тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың қоғамдық институттарын үйлестіру, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы істердің жай-күйі туралы жыл сайын баяндама жасау, сотта тұтынушылардың белгісіз тобының құқықтарын қорғау болады. Мысалы, Польша мен Германияда тұтынушылар муниципалдық және облыстық тұтынушылардың құқықтары жөніндегі уәкіл (омбудсменнің) көмегін белсенді пайдаланады.

Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті

НА БЛАГО ПОТРЕБИТЕЛЕЙ

В соответствии с главным законом страны Республика Казахстан утверждает себя демократическим, светским, правовым и социальным государством, высшими ценностями которого является человек, его жизнь, права и свободы. В этой связи в целях максимальной защиты потребителя в рыночных отношениях регулярно вносятся системные изменения и дополнения в законодательство о защите прав потребителей. При этом уполномоченным органом разработан законопроект, который активно обсуждается на информационной площадке страны и рассматривается в Мажилисе. Поправки, предложенные в законопроектах, призваны повысить ответственность бизнеса и направлен на защиту населения – каждого из нас, всех 19 миллионов казахстанцев.

Наибольшее количество жалоб потребителей по удельному весу наблюдается в следующих отраслях:

- розничная торговля (48% (14,3 тыс. обращений);
- бытовые услуги (19% (4,7 тыс. обращений);
- электронная торговля (9% (2,6 тыс. обращений);

Однако данные факты не отражают фактического состояния дел в сфере защиты прав потребителей, поскольку некоторые потребители не обращаются в государственные

органы и общественные объединения потребителей за защитой нарушенных прав.

Согласно предложенному законопроекту предлагается ввести институт омбудсмена. Институт омбудсмена по вопросам защиты прав потребителей присваивает назначенному лицу особый публичный статус, он будет являться глазами и голосом потребительского сообщества потребителей в высших эшелонах государственной власти, выступать координатором общества, нести ответственность.

По результатам социологического опроса, проведенного в 2022 году: из 10 тыс. респондентов 56% считают необходимым ввести институт омбудсмена по вопросам защиты прав потребителей.

Его основными функциями будут рассмотрение жалоб потребителей, консультирование, координация общественных институтов защиты прав потребителей, участие в разработке проектов нормативных правовых актов, формирование ежегодного доклада о состоянии дел в области защиты прав потребителей, защита прав неопределенного круга потребителей в суде. Например, в Польше и Германии потребители активно пользуются помощью муниципального и областного уполномоченного по правам потребителей (омбудсмена).

ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІН ТІЗІЛІМГЕ ЕНГІЗУ

Кәсіпкерлік кодексінің 79-4 бабына сәйкес, 2022 жылдан бастап елімізде әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мақсатында әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу шаралары атқарылуда.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімі дегеніміз – дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді қамтитын электрондық дерекқор болып табылады.

Тізілімге – қоғам үшін қандай да бір әлеуметтік мәселені шешу немесе пайдасын тигізу мақсатында тауарлар өндіру және қызметтер көрсетумен айналысатын кәсіпкерлер 4 санат бойынша енгізіледі.

Атап айтқанда:

Бірінші санатқа – халықтың әлеуметтік осал санаттарын жұмыспен қамту мәселелерін шешетін кәсіпкерлер (олардың кәсіпорындарындағы осы санаттағы қызметкерлердің үлесінің жалпы санының кемінде 51%-н құрауы тиіс);

Екінші санатқа – халықтың әлеуметтік осал топтарындағы кәсіпкерлер;

Үшінші санатқа – халықтың әлеуметтік осал топтарына қызмет көрсететін немесе оларға арнап тауарлар өндіретін кәсіпкерлер;

Төртінші санатқа – экология, білім, мәдениет, өнер және т.б. мәселелерін шешумен айналысатын кәсіпкерлер жатқызылады.

Бүгінгі таңда, тізілімге ҚР Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен республика бойынша 221, оның ішінде облыс бойынша 8 дара кәсіпкер мен заңды тұлғалар енгізілді. Соның ішінде Қазалы ауданынан «Рауан» мектепке дейінгі шағын орталық» ЖШС-гі 2023 жылдың 1 ақпанында ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.04.2023 жылғы №108 бұйрығымен мектепке дейінгі білім беру саласы бойынша 1-ші санатпен тізілімге енгізілді.

Тізілімге енгізілген кәсіпкерлерге қаржылық, мүліктік, инфрақұрылымдық, институционалдық және ақпараттық қолдау, салықтық жеңілдіктер секілді мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі.

Кәсіпкерлерді тізілімге енгізу үшін Қағидаға (ҚР ҰЭМ 17.07.2023ж. №140 бұйрығы) сәйкес жыл сайын 10 қаңтарға

дейін және тоқсан сайын хабарландыру беріліп, арнаулы комиссияның қарауына енгізу үшін құжаттар қабылданады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің (бұдан әрі – ӘКС) тізілімін жүргізу тәртібі:

ӘКС-тің бірінші санатына жатқызу шарттарына сәйкес келетін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға өтінішпен бірге облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына арнаулы комиссияның қарауына:

1) өтініш берген күнге жарамды өтініш берушінің штат кестесінің көшірмесін;

2) ӘКС-тің бірінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген халықтың әлеуметтік осал топтары қатарындағы өтініш берушінің қызметкерлерімен жасалатын еңбек шарттарының көшірмелерін;

3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша өтініш берушінің қызметкерлерін ӘКС-тің бірінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген халықтың әлеуметтік осал топтарына жатқызуды растайтын құжаттардың көшірмелерін;

4) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш беруші қызметкерлерінің саны мен жалақысы туралы мәліметтерді;

5) ӘКС-тің бірінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген халықтың әлеуметтік осал топтары қатарындағы өтініш беруші қызметкерлерінің дербес деректерін өңдеуге арналған келісімдердің көшірмелерін (дербес деректердің дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны тізілімге енгізу мақсаты үшін жергілікті атқарушы органдарға ұсынылатынын көрсете отырып) ұсынады.

ӘКС-тің екінші санатына жатқызу шарттарына сәйкес келетін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға өтінішпен бірге облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына арнаулы комиссияның қарауына:

1) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ӘКС-тің бірінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген халықтың

әлеуметтік осал топтары қатарындағы азаматтар өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу туралы мәліметтерді;

2) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша алдыңғы күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша кірістердің жалпы көлеміндегі ӘКС екінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызметті жүзеге асырудан өтініш беруші алған кірістердің үлесі және көрсетілген пайда мөлшерінен өтініш беруші алдыңғы күнтізбелік жылы алған таза пайданың ағымдағы күнтізбелік жылы осындай қызметті жүзеге асыруға бағытталған үлесі туралы анықтаманы (алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде таза пайда болған жағдайда) ұсынады.

ӘКС-тің үшінші санатына жатқызу шарттарына сәйкес келетін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға өтінішпен бірге облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына арнаулы комиссияның қарауына:

1) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ӘКС-тің үшінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызмет бағыттарына сәйкес ӘКС-тің бірінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген санаттар қатарындағы азаматтарға арналған, осындай азаматтар үшін олардың тыныс-тіршілігіндегі шектеулерді еңсеруге немесе орнын толтыруға мүмкіндік беретін жағдайлар, сондай-ақ қоғам өміріне басқа азаматтармен тең қатысу мүмкіндіктерін жасау мақсатындағы тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) өндірісі жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы мәліметтерді;

2) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша алдыңғы күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша кірістердің жалпы көлеміндегі ӘКС үшінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызметті жүзеге асырудан өтініш беруші алған кірістердің үлесі және көрсетілген пайда мөлшерінен өтініш беруші алдыңғы күнтізбелік жылы алған таза

пайданың ағымдағы күнтізбелік жылы осындай қызметті жүзеге асыруға бағытталған үлесі туралы анықтаманы (алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде таза пайда болған жағдайда) ұсынады.

ӘКС-тің төртінші санатына жатқызу шарттарына сәйкес келетін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға өтінішпен бірге облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына арнаулы комиссияның қарауына:

1) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ӘКС-тің төртінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қоғамдық пайдалы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған және қоғамның әлеуметтік проблемаларын шешуге ықпал ететін қызметті жүзеге асыру туралы мәліметтерді;

2) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 3-нысан бойынша алдыңғы күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша кірістердің жалпы көлеміндегі ӘКС төртінші санатына жатқызу шарттарында көрсетілген қызметті жүзеге асырудан өтініш беруші алған кірістердің үлесі және көрсетілген пайда мөлшерінен өтініш беруші алдыңғы күнтізбелік жылы алған таза пайданың ағымдағы күнтізбелік жылы осындай қызметті жүзеге асыруға бағытталған үлесі туралы анықтаманы (алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде таза пайда болған жағдайда) ұсынады.

2023 жылдың қазан айында ҚР Ұлттық экономика министрлігімен еліміздің әлеуметтік кәсіпкерлігін дамытудың 2023-2024 жылдарға арналған жол картасы әзірленген.

Осы жол картаға сәйкес, әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысып жүрген жеке және заңды тұлғаларды ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі № 140 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес Тізілімге енгізілуге шақырамыз.

Қазалы ауданының кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі

(Газетіміздің келесі саны 25 қазан, сәрсенбі күні шығады)

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымы жаратқандықтан түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.